«Бекітемін»
«№56 ЖОББМ» КММ директоры:
_________ Г.М. Наримбетова

# №56 жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» еріктілер клубының 2024-2025 оқу жылына арналған іс –шаралар жоспары.

**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспары**
**2024-2025 оқу жылы**

| № | Іс –шараның атауы | Мерзімі | Өтілу форматы | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту | Қыркүйек | Отырыс | Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 2 | Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау | Жыл бойы | Стенд | Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 3 | «Парасаты пайымы биік, адал ұрпақ» ұлы тұлғалардың ұлы сөздерін ұлықтау. | Ай сайын | Бейнеролик | Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 4 | «Адалдық сағаты» бейнеролик көрсету | қыркүйек | Дөңгелек үстел | Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 5 | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет – шынайы қоғам құрудағы берекет» | Қазан | сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық ағартушылық штаб мүшелерімен кездесу | Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 6 | «Жемқорлыққа жол жоқ» | қараша | Сурет көрмесі | Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 7 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған оқушылардың, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу | желтоқсан | Отырыс | Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 9 | «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты» | қаңтар | Сауалнама | ДТІЖО<br>Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Класс жетекшілер<br>Мектеп психологі |
| 10 | «Сен және Зан» | ақпан | кездесу | ДТІЖО<br>Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Клуб мүшелері |
| 11 | «Адалдық-адамдыктын белгісі» | наурыз | Сынып сағаты | ДТІЖО<br>Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова<br>Класс жетекшілер |
| 12 | «Адалдық жолынан айнымайық» | сәуір | Шығарма байқауы | ДТІЖО<br>Ш.Н Балбосынова<br>А.С Шинтемирова |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері |
| 13 | «Государственная служба- честный труд в интересах страны» | мамыр | Эссе байқауы | Ш.Н Балбосынова А.С Шинтемирова Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі |
| 14 | «Адал Ұрпақ» ерікті мектебінің жұмысын қорытындылау | мамыр | Қорытынды есеп | Ш.Н Балбосынова А.С Шинтемирова Клуб мүшелері |

**Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

## 2. Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері

2. Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

1) рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

2) оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;

3) оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

1) адамгершілік тәрбиелеу моральдық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;

3) эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуін дамытуға бағытталған.

## 3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады.

6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығы мен сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлерге жүктеледі.

7. Жалпы білім беретін мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі

8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылады.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;

2) сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары;

3) «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары болып табылады.

10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген).

11. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстың күнтізбелік іс-шаралар өткізудің қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

## 4. «Адал Ұрпақ» клубы

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

# Клуб мүшелерінің тізімі

| Р .с | Оқушы аты жөні | Класс |
|---|---|---|
| 1 | Абайжанұлы Артур | 7 «А» |
| 2 | Ағиса Айсұлу | 7 «А» |
| 3 | Баубек Рахматуллаһ | 7 «А» |
| 4 | Жарқынбекова Назым | 7 «А» |
| 5 | Бауыржан Тамерлан | 7 «А» |
| 6 | Амангелдиев Мағжан | 7 «Ә» |
| 7 | Болат Парасат | 7 «Ә» |
| 8 | Кабидула Тілекші | 7 «Ә» |
| 9 | Тукеева Индира | 7 «Ә» |
| 10 | Аблаев Нұржан | 7 «Б» |
| 11 | Артығали Әли | 7 «Б» |
| 12 | Әбілқасымова Әйгерім | 7 «Б» |
| 13 | Базарбай Бекжан | 7 «Б» |
| 14 | Бегалиев Мейірлан | 7 «Б» |
| 15 | Бегалиев Мақсат | 7 «Б» |
| 16 | Болат Әмина | 7 «Б» |
| 17 | Елемес Айдана | 7 «Б» |
| 18 | Ермуратова Амина | 7 «Б» |
| 19 | Есентай Қайсар | 7 «Б» |
| 20 | Кульжанов Амир | 7 «Б» |
| 21 | Қуаныш Жанбек | 7 «Б» |
| 22 | Мешітбай Адина | 7 «Б» |
| 23 | Наурызғали Абылай | 7 «Б» |
| 24 | Тілекқабыл Эльдар | 7 «Б» |
| 25 | Абдулла Арсен | 7 «В» |
| 26 | Балмұханова Кәусар | 7 «В» |
| 27 | Жайлыбай Жасмин | 7 «В» |
| 28 | Қасқырбай Инабат | 7 «В» |
| 29 | Ниязмағанбет Абылай | 7 «В» |
| 30 | Серғалиев Бақтияр | 7 «В» |

№56 жалпы орта білім беретін мектебі

**2024-2025 оқу жылында «Адал ұрпақ» клубының**

**жүргізілген іс-шараларының**

**жылдық есебі**

Дайындаған: Балбосынова Ш.Н.

| | Өткізілген іс шаралар | Фото есеп | Сілтемесі |
|---|---|---|---|
| 1 | Білім ордамызда 10 қыркүйек күні жоғарғы сынып оқушыларымен “Адалдық сағаты “ өткізілді. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті дайындаған бейнеролик көрсетілді. Мақсаты: өскелең ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру,адалдық пен әділдікке тәрбиелеу, мейірімділік пен игі істер туралы дұрыс түсінік қалыптастыру. |    | https://www.instagram.com/reel/C_udBBZMIj5/?igsh=MW1wOXpobGNsYWFkeA== |
| 2 | Мектебімізде 11 қазан күні “Адал ұрпақ” клубының жетекшілері Ш.Н Балбосынова, А.С Шинтемирова және “Жауқазын”клубының жетекшісі А.А Жалғас ұйымдастыруымен “Жемқорлыққа жол жоқ!” атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті . Дөңгелек үстелге “Бірінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа орталық”республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облысы бойынша филиалының басшысы Мустафина Асель Сагингалиевна қатысып оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде ақпараттармен бөлісті. |    | https://www.instagram.com/reel/DA-viS3Mo-3/?igsh=MW9jY2xqdzV0dTNj |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 9 желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн болып есептеледі. Мектебімізде аталған күнге орай барлық кластарда тәрбие сағаттары өткізілді. |  | https://www.instagram.com/reel/DDXNJ5uMpwK/?igsh=aDgxM3QyMm5sN2Zv |
| 4 | 9-11 сыныптар арасында "Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. |  | https://www.instagram.com/reel/DFDf0qostZp?igsh=MW85aWtsbXJ NnVpcg== |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | “Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз” тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізілді.(1-11 кл.) |       | https://www.instagram com/reel/DEzZg2oMIs y/?igsh=cTc3OGF2a2l bWw0 |
| 6 | Біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес мектебіміздің “Адал ұрпақ” клубымен “Studio Art” үйірмесінің ұйымдастыруымен “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!” атты сурет көрмесі өткізілді<br>Жетекшілері: Балбосынова Ш.Н Карасаева Д.Д |   | https://www.instagram. om/reel/DFEzRVplf2p/?i sh=MTh3MXR0Zmh5aX wMQ== |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 12 ақпан күні “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында “Адал ұрпақ”еріктілер клубының мүшелерінің кезекті отырысы өткізілді . Мектеп психологы Сатанова Ж Оқушылармен қызықты тренингтер өткізді.Және жоспардағы атқарылатын іс шаралар талқыланды |    | https://www.instagram.om/reel/DF-y072o19I/?igsh=MTFpdU3aDlmeHJtaA== |
| 8 | 11 сәуір 2025 жылы 7”ә”класс оқушылары және “Адал ұрпақ” клубының мүшелері Өнер орталығына “Астана Опера ”театрының гастрольдік шарасына қатысты. Гастроль аясында балаларға арналған қойылым мен ертегі көрсетілді. |  | https://www.instagram com/p/DIb2zUKMoTr?igsh=OWZyd3R4YWR6cGJv |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ұстаздар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты – білім беру саласындағы парасаттылық деңгейін анықтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. |    | https://www.instagram com/p/DJj_C73I_Ki/?i sh=aGt4dW1uYXdiNr Fx |
| 10 | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ата-аналарға арнайы чат арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі арнайы жадынама таратылып, мазмұны толықтай түсіндірілді. |   | https://www.instagram com/p/DJj-k1MohIX/?igsh=Z3Fj m5vbTZnajV4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сурет байқауы өткізілді!<br><br>Оқушылар арасында "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында сурет байқауы өтті. Байқаудың мақсаты – адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын насихаттау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қоғам назарын аудару. |  | https://www.instagram<br>com/p/DJj-<br>XMUIFqD/?igsh=bXh<br>NjR0NGk0Ynht |
| 12 | «Адалдық – адамдықтың белгісі»!<br>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында "Адал ұрпақ" клубы ұстаздарға арналған викториналық тапсырмалар өткізді!<br><br>Бұл шара адалдық, әділдік пен парасаттылық құндылықтарын дәріптеуге арналды. |  | https://www.instagram<br>com/p/DJj93A9oAU5/<br>igsh=djlndWQ5djV5d<br>Jw |